

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Толыбай ауылы
«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Толыбай ауылы
Т.Жүргенов көшесі-11

31.05.2024ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024 ж. 01.04 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 02. 05 № 41 н/қ бұйрығының негізінде 02.05- 31.05 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 02.05 № 41-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Каирбаева Алтын Сандыбековна	Мектеп директоры, комиссия төрайымы
2	Диханбаева Гульнар Адиловна	директордың оқу-тәрбиелік жөніндегі орынбасары, орыс тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Ермағанбетова Нургул Хамитовна	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, бастауыш пән мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Танкина Айсұлу Оразбаевна	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Турлыбекова Алма Тажтаевна	бастауыш пән мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Ильясова Мерует Сламбековна	Мектеп психологы, комиссия мүшесі
7	Қалтаев Батырхан Жонысович	Мектеп директорының шарушылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілігін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

**Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Толыбай ауылы
«Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

**Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Толыбай ауылы, Т.Жүргенов көшесі,11 телефон:
8 (713) 47-26-7-20, факс: 8 (713) 47-26-7-20 Email: tolybai_zhobbm@mail.ru индикс:030104
веб сайт: <https://tolydai-aitekebi.edu.kz/>**

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Каирбаева Алтын Сандыбековна, 2019 жылдың 19 қарашасынан бастап № 187 бұйрығымен Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалған. ұялы телефоны: 87776612008

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 16 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 28.01.2021 жыл, БСН- 970740001698. **Құрылтайшысы:** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі, «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Ақтөбе облыс әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсаны №469 қаулысымен бекітілген

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 25.01.2016жылы №KZ45RVK00007146 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 28.01.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ87LAA00020654. Мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлуды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2021-2022 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 30 педагог (оның ішінде 1 ұйымдастырушы педагог, 1 тәлімгер 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 30 педагог ішінде: санаты жоқ -11, екінші санатты-1, бірінші санатты-0, жоғары санатты-0, «педагог-модератор»-2, «педагог-сарапшы»-10, «педагог-зерттеуші»-6, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 66%.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 8. «педагог»-4, бірінші санат-0, екінші санат-0, «педагог-сарапшы» -2, «педагог-зерттеуші» -2, «педагог-шебер»-0. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам-62,5%-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 23. Оның ішінде, «педагог»-4, жоғары санатты-0, бірінші санатты-1, «педагог-модератор»-2, «педагог-сарапшы»-9, «педагог-зерттеуші»-7, «педагог-шебер»-0. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – 66,6%-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 31 педагог (оның ішінде 1 ұйымдастырушы педагог, 1 тәлімгер 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 30 педагог ішінде: санаты жоқ -11, екінші санатты -1, бірінші санатты -0, жоғары санатты -0, «педагог-модератор»-2, «педагог-сарапшы»-9, «педагог-зерттеуші»-7, «педагог-шебер» - 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **46,6 %**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны - **9**. «педагог» - 4, «педагог-модератор» - 0, «педагог-сарапшы» - 2, «педагог-зерттеуші» - 3. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам - **66%**-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны - **23**. Оның ішінде, «педагог» - 7, жоғары санатты - 0, «педагог-модератор» - 3, «педагог-сарапшы» -8, «педагог-зерттеуші» - 5, «педагог-шебер»-0. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы - **52,1%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға

сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. **2023-2024** оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін** (бастауыш мұғалімдері) - 9 мұғалім. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” -3 мұғалім, “педагог-сарапшы” - 3 мұғалім, “педагог-модератор” - 0 мұғалім, педагог-3 мұғалім. Сапалық құрам - **66,6%** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мектептер үшін - **35%**-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта,жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - **23**. Оның ішінде - жоғары санатты - 0, екінші санатты - 0, “педагог-шебер” - 0, “педагог-зерттеуші” - 5 мұғалім, “педагог-сарапшы” - 8, “педагог-модератор” - 3 мұғалім, педагог -7 мұғалім. Сапалық құрам - **50%** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мектептер үшін - 40 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі - 8. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” - 3, “педагог-сарапшы” -1, “педагог-модератор” - 1, педагог-3 мұғалім. Сапалық құрам - **56,5 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мектептер үшін үшін - **30 %**-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«Толыбай ЖОББМ» КММ-де педагогтер саны - 30, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер - 21; қайта даярлау курсынан өткен педагогтер - 5 (Ермағанбетов.Е , Қуанышбаев С, Есенова Ж, Сабыр Д, Мыржакупова А)

Арнаулы орта білімі бар педагогтер саны - 10. **33,3%** Жоғары білімі бар педагогтар -20 **66,6%**

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан

Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. Еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек	Санаты
Каирбаева Алтын Сандыбековна	Мектеп директоры	21 жыл	21 жыл	5 жыл	«Педагог-зерттеуші», №374 бұйрық 18.12.2019 ББҰ басшы орынбасары: -
Диханбаева Гульнар Адиловна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	15 жыл	15 жыл	13 жыл	«Педагог-сарапшы,» №173 бұйрық 20.12.2019 ББҰ басшы орынбасары: «3 біліктілік» санаты №141 бұйрық 31.08.2023ж
Ермағанбетова Нүргүл Хамитовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	25 жыл	25 жыл	3 жыл	«Педагог-зерттеуші» №426 бұйрық 15.12.2023ж ББҰ басшы орынбасары: -

Көрсетілген кестеге сәйкес үш жылда бір рет аттестаттаудан өтуге мектеп басшысы/ биылғы 2024-2025 оқу жылына өтініш берді / және 1 басшы орынбасары /еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан/ биылғы 2024-2025 оқу жылына өтініш берді. 1- басшы орынбасарының 1 педагогтің өткендігі анықталды.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген)сәйкес жүзеге асырылған

2021-2022 оқу жылында 11 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» -4 , «педагог-сарапшы» - 5, «педагог-зерттеуші» -2 Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 11 педагог оның ішінде «Педагог-модератор» - 1, «педагог-сарапшы» -5, «педагог-зерттеуші, - 1» тиісті біліктілік санатын алған. 4 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Оған «педагог-модератор» санатына өтініш берген Қуаныш Н, Данешова А, Қуанышбаев С, – тесттен тиісті балды жинай алмауы себеп болған. «Педагог-зерттеуші» Диханбаева Г тесттен тиісті балды жинай алмауы себеп болған.

2022-2023 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2023 жылдың көктемінде өтініш берілген. « Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі » КММ-де 2022-2023 оқу жылында 5 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 3 педагог, «педагог-сарапшы»

санатына – 0 педагог, «педагог-зерттеуші санатына» - 2 педагог. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 5 педагог оның ішінде «Педагог-модератор» - 1, «педагог-сарапшы» -0, «педагог-зерттеуші, - 1» тиісті біліктілік санатын алған. 3 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Оған «педагог-модератор» санатына өтініш берген Қуаныш Н, Данешова А, – тесттен тиісті балды жинай алмауы себеп болған. «Педагог-зерттеуші» Диханбаева Г білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылардың болмауы себеп болған.

2023-2024 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2024 жылдың көктемінде өтініш берілген. «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 2023-2024 оқу жылында 8 педагог біліктілік санатын алуға, 2 педагог мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындау тестілеуіне өтініш білдірді. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 8 педагогтың оның ішінде «Педагог-модератор» - 2, «педагог-сарапшы» -0, «педагог-зерттеуші»-1, тиісті біліктілік санатын алған.

7 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Оған «педагог-модератор» санатына өтініш берген Қуаныш Н, Сабыр Д, Лақашова Ә – тесттен тиісті балды жинай алмауы себеп болған. «Педагог-педагог –сарапшы» Е.Ермаганбетов тесттен тиісті балды жинай алмауы себеп болған. «Педагог –зерттеуші» санатын растау үшін А.Каирбаева тиісті балды жинай алмаған. 2 педагог мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындау тестілеуінен Н.Ермаганбетова, А.Каирбаева тиісті балды жинай алмаған.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Зерделеу нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.

Тілді меңгерудің маңыздылығы туралы түсінік бере отырып ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары туралы білімдерін кеңейту, лексикалық минимумды пайдалану арқылы сөйлем құрау, тілдік құзыреттілік қалыптастыру мақсатында «Тіл мәдениеті» және ана тілін құрметтеуге, тіл байлығын дамыту қалыптастыру аптасына 1 сағаттан «Абайтану» курсының нәтижелері бойынша оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды.

2021-2022ж.ж Қазақ балалар әдебиетінде үлес қосқан ақын жазушылардың бірі Ескен Елубайдың шығармаларына арналған жыр байқауының аудандық кезеңінде II орын Телеубаева Каусар. Жетекшісі: Танкина Айсулу Оразбаевна 2022 жыл

2021-2022ж.ж А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай 5-10 класс оқушыларының арасында ұйымдастырылған аудандық “Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін” жыр байқауында ақын шығармашылығына деген қызығушылығын көрсеткені үшін Диханбаева Әсем. Жетекшісі: Танкина Айсулу Оразбаевна 2022ж

Республикалық “Ақберен” байқауының аудандық кезеңінде “Эссе” бағыты бойынша шығармашылық қабілетін көрсеткені үшін III орын Қуаныш Ақбота. Жетекшісі: Танкина Айсулу Оразбаевна 2022 жыл

Республикалық “Ақберен” байқауының аудандық кезеңінде “Ақындар мүшәйрасы” бағыты бойынша ой ұшқырлығын көрсеткені үшін Қайым Гүлдәрия марапатталады. Жетекшісі: Танкина Айсулу Оразбаевна 2022ж

Республикалық “Ақберен” байқауының аудандық кезеңінде “Шешендік өнер” бағыты

2021-2022	6		2	1	3							
2022-2023	9		4	3	2							
2023-2024	2	1			1							
	17	1	6	4								
	64,7	5,9	35,3	23,5								

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша Республикалық қашықтық сайыс жетістіктерінің мәліметі

2021- 2022 ж.ж Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай өткен «Абай-халық данасы» атты республикалық өнер байқауына қатысқаны үшін Төрәлі Аружан дипломмен марапатталады. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2021- 2022 ж.ж «Әбілхан Қастеев бейнелеу әлемінде» оқушылар арасында республикалық байқауға белсене қатысып, «Пейзаж» номинациясы бойынша Айдарханов Әміржан ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2021- 2022 ж.ж «Әбілхан Қастеев бейнелеу әлемінде» оқушылар арасында республикалық байқауға белсене қатысып, «Натюрморт» номинациясы бойынша Серікұлы Медет І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2021- 2022 ж.ж «Әбілхан Қастеев бейнелеу әлемінде» оқушылар арасында республикалық байқауға белсене қатысып, «Портрет» номинациясы бойынша Қуаныш Ақбота ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2021- 2022 ж.ж Алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтің туған күніне орай оқушылар арасындағы Республикалық байқауға қатысып, «Жыр жүйрігі –Мұқағали Мақатаев» номинациясы бойынша бас жүлде жеңімпазы Алиасқарқызы Аружан дипломмен марапатталады. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2021- 2022 ж.ж «Ізденіс жолы» қоғамдық қоры мен Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Дала жұлдызы Ыбырай Алтынсарин» оқушылар арасындағы Республикалық байқауға белсене қатысып, «Сөзбен салынған сурет» номинациясы бойынша Абишев Мәди І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2023-2024 ж.ж Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып, Республика көлемінде «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдатыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Мақатаев оқулары» атты конкурсына мәнерлеп оқу бағыты бойынша қатысып бас жүлдені алғаны үшін Оспан Кәусар Елдосқызы дипломмен марапатталады. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

2023-2024 ж.ж Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып, Республика көлемінде «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдатыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Мақатаев оқулары» атты конкурсына мәнерлеп оқу бағыты бойынша қатысып І дәрежелі дипломмен алғаны үшін Иманғали Перизат Орынбасарқызы мен Нұрқан Айару Еркебұланқызы марапатталады. Жетекшісі: Сапарова Гүлбағда Сарсенбаевна

	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			облыстық			Республикалық				
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	Бас жүлде	1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат
2021-2022	7							1	2	3		1
2022-2023	-											
2023-2024	3							1	2			
	90							2	4	3		
								20	40	30		

2023-2024ж.ж ағылшын тілі пәні бойынша жетістік мәліметі

25 қазан – Республика күніне орай, «Менің Республикам – менің Жерұйығым!» тақырыбында ұйымдастырылған «Polyglot» білім байқауында «Зейінді шәкірттер» номинациясымен Golden Eagles (Сенбайұлы Нұрдәулет, Боқан Дана) марапатталды. 2023жыл Жетекшісі: Ғабитқызы Айгерім

	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық				облыстық			Республикалық			
		1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат	1 орын	2 орын	3 орын	Бас жүлде	1 орын	2 орын	3 орын
2021-2022	-											
2022-2023	-											
2023-2024	2 (топтық)				1							

Оқушылардың тарихи деректерге сыни көзқарасын қалыптастыра отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасап, тарихи хронологияны есте сақтауға дағдыландыру мақсатында «Әлем тарихы» курсы аптасына 1 сағат оқытылады. Оқытылып жатқан курстардың нәтижесінде білім алушыларымыздың тарихқа деген қызығушылықтары оянып, **2022-2023ж.ж** Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ІІ (аудандық) кезеңінде Қазақстан тарихы пәнінен І орын алған Толыбай ЖОББМ 9 класс оқушысы Алданыш Қайрат марапатталды. Жетекшісі: Дукалова Гульден Кенесовна **2022-2023ж.ж** BILIMTIME.KZ ұстаздарға

арналған әдістемелік сайты оқушылар арасында ұйымдастырған Қазақстан тарихы пәнінен қашықтық олимпиадасының жеңімпазы Еркебұлан Нұртас ІІ дәрежелі диплом. 02.11.2023ж. Жетекшісі: Дукалова Гульден Кенесовна **2022-2023ж.ж** 5-9сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасының қорытынды турының жүлдегері Жақсылықова Аяжан ІІІ дәрежелі диплом. 2023 жыл 30-31мамыр. Жетекшісі: Дукалова Гульден Кенесовна **2023-2024ж.ж** Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының қолдауымен «МЫҢ БАЛА» интеллектуалды білім сайтының ұйымдастыруымен оқушылар арасында өткен Республикалық олимпиадаға «Тарих» пәні бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін Ғазизқызы Аида І дәрежелі диплом. 2024жыл Жетекшісі: Дукалова Гульден Кенесовна

	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық				облыстық			Республикалық			
		1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат	1 орын	2 орын	3 орын	Бас жүлде	1 орын	2 орын	3 орын
2021-2022	-											
2022-2023	3	1									1	1
2023-2024	1									1		
	4	1								1	1	1

Бастауыш сыныптарда оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттыру мен қатар олардың математикалық, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған «Математика өмірде» аптасына 1 сағат, «Математика және логика» аптасына 1 сағат. **Жазу** сауаттылығын арттыру мақсатында **«Көркем жазу»** аптасына 1 сағат курстары жүргізілді. Нәтижесінде бастауыш сынып **оқушылары аудандық, облыстық, республикалық интеллектуалды сайыстарға қатысып, көптеген жетістіктерге жетті.**

2021 ж.ж Республикалық «Дара бала» балалар журналының ұйымдастыруымен бастауыш сыныптар арасында өткен шығарма байқауына қатысқан Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің 2- сынып оқушысы Әсетқызы Еркетай І дәрежелі дипломмен марапатталады. Жетекшісі: Тұрлыбекова Алма Тахтаевна.

2021 www. Tio. Kz Республикалық Дәстүрлі Интернет Олимпиада сайты Математика пәнінен ұйымдастырған онлайн олимпиаданың жеңімпазы Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы Айдарханов Әміржан І дәрежелі дипломмен марапатталады.

2021-2022 Халықаралық «Пони» әлемді ашады байқауының жүлдегері Әсетқызы Еркетай, Айдарханов Әміржан ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады.

Жетекшісі :Турлыбекова А.Т.

2021-2022 ж.ж Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының «Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық

«Қыс ғажайыптары» суретбайқауына қатысып, үздік өнер көрсеткен Досан Айзере, Аманжол Кәусар, Серік Тұрсынай ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады. Жетекшісі: Ермуратова Кулбаршын Андреевна. Астана 2022ж

2021-2022ж.ж «Оқушы шығармашылығы» байқауына қатысып І орын алған Серік Санжар марапатталады. Алматы 2022ж

2021-2022ж.ж «Оқушы шығармашылығы» байқауына қатысып І орын алған Әбілхан Мақсат марапатталады. Алматы 2022ж

2021-2022 ж.ж Қазақ тілі пәнінен оқушылар арасында өткізілген олимпиадасына белсене қатысып, жоғары дәреже көрсеткен Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы Толыбай ЖОББ мектебінің оқушысы Төралы Қараш Бауыржанұлы ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталады. Жетекшісі: Ермуратова Кулбаршын Андреевна. Нұр-Сұлтан қаласы 2021 жыл.

2021-2022 Халықаралық «Пони» әлемді ашады байқауының жүлдегерлері Серік Санжар, Алданыш Алпамыс ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады. **Жетекшісі: Ермуратова Кулбаршын Андреевна**

2021 ж.ж Халықаралық «Пони» Бірінші сынып оқушыларының көктемгі сайысы байқауының жеңімпазы Дәуренбекқызы Аяна, Әбілхан Айкөркем, Досан Досжан, Аппаз Айбат, Әбдібек Аяулым, Нұрділда Нұрай І дәрежелі Дипломмен марапатталады.

2021-2022 Халықаралық «Пони» әлемді ашады байқауының жүлдегерлері Серік Тұрсынай, Досан Айзере ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталады. **Жетекшісі Ермағанбетова Н.**

Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған Республикалық қашықтық Жеңімпазы Дәуренбекқызы Аяна І дәрежелі диплом. 30.01.2022ж

Республикалық «Зерде» ғылыми-шығармашылық зерттеулермен жобалар байқауының аудандық кезеңіне белсене қатысып Іорынды жеңіп алғандығы үшін Дәуренбекқызы Аяна марапатталады. **Жетекшісі :Нургалиева Гулсим Мырзамуратовна.**

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде ІІІ орын иеленгені үшін Нағашыбай Еркін марапатталады. Жетекшісі: Нургалиева Г

Жаңа Қазақстан Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен төткен «Қыс ғажайыптары» сурет байқауына қатысып үздік өнер көрсеткен Нағашыбай Еркін І дәрежелі диплом, Досан Досжан І дәрежелі диплом, Әбілхан Айкөркем ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды **Жетекшісі: Нургалиева Г** Халықаралық «Пони» әлемді ашады байқауының жеңімпазы Нағашыбай Еркін, Нұрділда Нұрай, Дәуренбекқызы Аяна І дәрежелі, Әбілхан Айкөркем ІІ дәрежелі, Досан Досжан, Әбдібек Аяулым ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Нургалиева Г

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен бастауышта «Математика өмірде» курсы «Білгір биолог» курсы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында оқытылды. Аталған курстар білім алушылардың өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алуына мүмкіндік берді. Осы орайда оқушылар математикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы аудандық пәндік олимпиада жетістіктерінің мәліметі

Халықаралық «Кенгуру» конкурсында Темірғали А **ІІ орын 2020ж.**

2020-2021 оқу жылында «Білген Аламан» Республикалық олимпиадасының іріктеу кезеңіне қатысып, келесі кезеңге өтті Алданыш Қ

«**Білген Аламан**» Республикалық олимпиадасының іріктеу кезеңіне қатысып, келесі кезеңге өтті Қазыбекқызы Н. **2021ж Жетекшісі Қуаныш Нұрғиса**

2021-2022 ж жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ІІ (аудандық)

кезеңінде география пәнінен **Аманжолұлы Мақсат 3 орын. Жетекшісі Сапаров Жасұлан**
9 класс оқушылары арасында өткізілген Аламан олимпиадасының аудандық кезеңінде биология пәні бойынша **Қуаныш А II орын. 2021ж Жетекшісі Копбаева М**

9 класс оқушылары арасында өткізілген «Аламан» олимпиадасының аудандық кезеңінде Диханбаева А математика пәні бойынша **II орын. 2021ж Жетекшісі Қуаныш Нұрғиса**
2022-2023 ж жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың II (аудандық) кезеңінде география пәнінен Серікұлы Медет **I орын. Жетекшісі Сапаров Жасұлан**
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың II (аудандық) кезеңінде Қазақстан тарихы пәнінен I орын алған Толыбай ЖОББМ 9 класс оқушысы Алданыш Қайрат марапатталды. Жетекшісі: Дукалова Гульден Кенесовна

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың II (аудандық) кезеңінде Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен II орын алған 10 класс оқушысы Диханбаева Асем марапатталады. Жетекшісі: Танкина Айсулу Оразбаевна **2023-2024жж** Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың II (аудандық) кезеңінде биология пәнінен Толыбай ЖОББ мектебінің 11 класс оқушысы **Қуаныш А II орын. 2023ж Жетекшісі Копбаева М**

2023-2024ж.ж Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен Диханбаева Әсем II дәрежелі диплом. Жетекшісі: Каирбаева Алтын сандыбековна 2023 жыл

2023-2024ж.ж Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде құқық негіздері пәнінен Алданыш Асхат II дәрежелі диплом. Жетекшісі: Дукалова Гульден

2023-2024ж.ж Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысқаны үшін 9-класс оқушысы Сенбайұлы Нұрдәулет ағылшын тілі пәнінен мадақтамамен марапатталды. 2023жыл. Жетекшісі: Ғабитқызы Айгерім

	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық				облыстық			Республикалық			
		1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат	1 орын	2 орын	3 орын	Бас жүлде	1 орын	2 орын	3 орын
2021-2022	6/3		2	1								
2022-2023	8/3	2	1									
2023-2024	10/4		3		1							
Бала саны	24	2	6	1	1							
сапа	37,5	8,3	25	4,2	4,2							

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы Республикалық қашықтық олимпиада жетістіктері

2021-2022жж www.nio.kz Республикалық дәстүрлі интернет олимпиада сайты биология пәнінен ұйымдастырған онлайн олимпиадасында Аппаз Б **I дәрежелі диплом. 2021ж Жетекшісі Копбаева М**

www.nio.kz Республикалық дәстүрлі интернет олимпиада сайты биология пәнінен ұйымдастырған онлайн олимпиадасында Серікұлы М **I дәрежелі диплом. 2021ж Жетекшісі Копбаева М**

2022-2023	-											
2023-2024	2/1	1										

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2021-2022 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Толыбай жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2016 жылы курстан өткен педагогтердің және 2021-2022 оқу жылында аттестацилаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

Мыңбаева И, Абилхан Н, Құлмағанбетова Ә, Ильясова М, Асылбекқызы А –жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.

2023-2024 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 11 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша
2021-2022 о.ж	31	5	3
2022-2023 о.ж	30	7	3
2023-2024 о.ж	30	11	6

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 5. Оның ішінде үшеуі жас маман – Құлмағанбетова Ә, Ильясова М, Асылбекқызы А. 2 педагог – зейнет жасына жетіп тұрғандықтан – Ешмуратов Б, Турлыбекова А

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
----------	------------------	-----------------------------------	---

2021-2022		Диханбаева Г ААО «Назарбаев интеллектуальные школы» «Менеджмент в образовании» №04 7286 80 часов 07.03.2024ж	
2022-2023	Каирбаева А.С. «Көшбасшылық және шағын мектепті басқару» шағын жинақты мектеп басшыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курсты аяқтады Педагогикалық шеберлік орталығы Алматы к. Филиалы 04.04.2022 №001654		
2023-2024 оқу жылы			Ермағанбетова Н.Х.«Білім берудегі менеджмент білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды 07.03.2024ж .№047289

3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

№	Контингенттің құрылымы	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
	Толыбай ЖОББМ	10	60	11	61	11	62

«Толыбай ЖОББМ» КММ-де жылма-жыл білім алушылардың толымдылығы бойынша жұмыс жүргізілген. Шағын жинақталған мектепте жұмыс жүргізу жоспары құрылған. Ауылға қаладан төрт көп балалы отбасы көшіріліп әкелінген. Ауыл тұрғындары көмектесіп, көшіріп әкелінген отбасылардың барлық жағдайы жасалынған. Ата-аналары жұмыстармен қамтамасыз етілген.

Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Толыбай ЖОББМ» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны –сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы «Толыбай ЖОББМ» КММ 2021-2022 оқу жылында мектепте 2-11 кластар бойынша 10 класс жиынтығында 60 білім алушы оқыған. Яғни әр класта толымдылығы бойынша -5 баладан келген. 2022-2023 оқу жылында 1-11 кластарда 11 класс жиынтығында – 61 білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша -5 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 11 класс комплектіде 60 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 5 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

**«Толыбай ЖОББМ» КММ бойынша
2021-2024 оқу жылындағы контингент қозғалысы**

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2021-2022	6	7	1	2	5	5	0	0	60
2022-2023	14	6	10	0	4	6	0	0	61
2023-2024	7	8	5	5	2	3	0	0	62

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

4. Оқыту –әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2021 - 2022 оқу жылында «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ контингент 1-11 сыныпта 10 класс жиынтығында – 60 оқушыға білім берілген.

Сабақ кестесі:

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30.09 №412) енгізілген өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС

талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. 2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 90,5 сағат, негізгі орта білім беруге 152 сағат, жалпы орта білім беруге 64 сағат, барлығы 306,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі:

Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

Зерделеу барысында Контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 60 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 5 білім алушы оқиды.

2022 - 2023 оқу жылында ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1 – 4 кластар үшін 2 – қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарты 5 – 9 кластар үшін «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 10 – 11 кластар үшін 4 – қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жұмыс жоспары әзірленді.

Сабақ кестесі: бастауыш білім беруге 90,5 сағат, негізгі орта білім беруге 152 сағат, жалпы орта білім беруге 64 сағат, барлығы 306,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 1048,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

2023 - 2024 оқу жылында ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 – тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1 – 4 кластар үшін 1 – қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 5 – 9 кластар үшін 6 – қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 4 – қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жұмыс жоспары әзірленді.

Сабақ кестесі: бастауыш білім беруге 90,5 сағат, негізгі орта білім беруге 152 сағат, жалпы орта білім беруге 64 сағат, барлығы 306,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 1048,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Сабақ кестесі:Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «Bilim klass» журналын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

